

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№117

2022 жылғы 18 наурыз

Облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №577 «Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе медициналық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының балалар стационарының негізгі ғимаратына қосымша корпус салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 163-бабының 2-тармағына, 164-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12717 тіркелген Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру Қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 06 тамыздағы №875 «Жергілікті атқарушы органдардың 2021-2023 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы», нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №25786 тіркелген бұйрығына сәйкес және Ақтөбе облысы әкімдігінің бюджеттік комиссиясы отырысының 2022 жылғы 16 ақпандағы №1 хаттамасының негізінде, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №577 «Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе медициналық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының балалар стационарының негізгі ғимаратына қосымша корпус салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

Жоғарыда көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. НУГМАНОВ

Облыстық мәслихаттың 2022 жылғы
18 наурыздағы №117 шешіміне
қосымша

Облыстық мәслихаттың 2020 жылғы
11 желтоқсандағы №577 шешіміне
қосымша

«Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе медициналық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының балалар стационарының негізгі ғимаратына қосымша корпус салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша 2021-2025 жылдарға мемлекеттік міндеттемелер

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)	соның ішінде жылдарға:				
Функционалдың кіші топ						2021	2022	2023	2024	2025
		Бюджеттік бағдарлама әкімшісі								
		Бағдарлама								
		Атауы								
1	2	3	4	5	6	7	8	9		
13				Басқалар	5 140 964,457	876 765,189	1 019 006,817	1 155 336,399	1 081 730,816	1 008 125,236
	9			Басқалар						
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	5 140 964,457	876 765,189	1 019 006,817	1 155 336,399	1 081 730,816	1 008 125,236
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	5 140 964,457	876 765,189	1 019 006,817	1 155 336,399	1 081 730,816	1 008 125,236
				соның ішінде:						
				«Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе медициналық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының балалар стационарының негізгі ғимаратына қосымша корпус салу және пайдалану»	5 140 964,457	876 765,189	1 019 006,817	1 155 336,399	1 081 730,816	1 008 125,236